

**Калиева Елеухан Тоғанбайқызы**  
**ҚазҰПУ-і, Әлем тарихы кафедрасының доценті**

**1869 жылғы көтерілістен кейінгі жағдай**

Қазақ халқының Қазан төңкерісіне дейінгі тарихын жаңа көзқарастар биігінен саралап көрсетуде ұлт-азаттық қозғалыстар тарихына ерекше мән беріледі. Далалық облыстарды басқару туралы «Уақытша ереженің» (1868 жыл, 21 қазан) енгізуге қарсы басталып, ХІХ ғ. Қазақстанның Ресейге қосылу дәуіріндегі ұлт-азаттық қозғалыстарды аяқтаған Орал, Торғай облысындағы көтеріліс – Отандық тарихымыздың елеулі оқиғаларының бірі.

Реформа бойынша межелеген әкімшілік, сот пен қоғамдық-рухани саладағы түбірлі өзгерістер, мемлекеттік салық көлемінің еселеп ұлғаюы, мұсылман дін басыларының, сұлтандардың құқықтарының шектелуі, барлығы жиналып келіп, түрлі әлеуметтік топтардың наразылығынан тууына себепші болды. Сонымен қатар, Ресей империясының бекіністер шебінің өсуі, осы арқылы казак-орыстық отарлауға жол ашылуы, нәтижесінде қазақтардың мал шаруашылығының, көшпелі өмірдің өзегі - жайылымдардың қысқаруына әкелді. Ал бұл процесс өз кезегінде сөзсіз көшпелі қоғамды дағдарыстарға әкеп тіреді. Онымен қоймай, «далада кезіп жүрген көшпенділерге бодандық бұғауын мықтап кигізудің бірден-бір жолы- орыстандыру деп табылып, соған қарай шұғыл бетбұрыс жасалынды.

Қазақ көшпелі қоғамы және оның мүшелерінің мүддесі мен қажеттіліктерімен мүлдем санаспаған, оның табиғатына жат, бөтен, сырттан күшпен танылған «Ережеге» қарсы қозғалыс пайда болды. Қозғалыс Орал облысында өз қатарына 20 мыңға жуық патша үкіметінің отаршылдық саясатына наразыларды топтастыра алғандығымен ерекшеленеді. Көтеріліс 1869 жылдың мамыр айына дейін ешбір қарсылыққа кездеспегендіктен тоқтаусыз дамыды. Мамыр айынан бастап шығарылған жазалау экспедицияның «әскери серуендерінен» бастап, көтеріліс енді батыл қимылдардан қорғаныстық сипат алады, сөйтіп, біртіндеп шілде-тамыз айларында 15-ке жуық қарулы отрядтардың бірлескен қимылының нәтижесінде басып жанышталды. Көтеріліс барысында Ойыл бекінісін салуға шыққан Штемпель қолына тұтқиылдан жасалынған Жамансай аңғарындағы шабуыл, сөз жоқ, көтерілістің шырқау шегіне айналып, елеулі қақтығыс ретінде тарих бетінде жазылып қалды.

Соғыс тәртібіне үйретілген, күші әлдеқайда басым патша үкіметі әскерлерінен, қазақтар үшін қантөгістен аман қалудың екі амалы ғана бар еді. Оның біріншісі- жергілікті отаршылдық үкімет алдында жеңілгендерін мойындап, күрестен бас тарту, екінші жолы - патша әскерлерінің аяғы жетпейтін жапан дала, құла түзді бетке алып, басқа жақтарға қоныс аудару немесе құмжықпылдарда бой тасалап жүре тұрып, кейін әскердің тұяғы басылған соң қайтып оралу. Сонымен, 1869 жылдың шамамен ортасында Орал, Торғай облысында қалыптасқан аласапыран жағдай, көтерілісшілерді осы екі жол айырығының бірін таңдауға мәжбүр етті. Соңғыларының табанды қарсылығы 1873 жылғы Хиуа хандығын Ресей түпкілікті бағындырғанға дейін жалғасты. Жаңа

басқаруға көңісі келмегендер бас көтерулері қарулы күшпен басып жанышталды. Нәтижесінде, Орал, Торғай облысында «Уақытша ереже» қарудың күшімен енгізілді. Кейбір қазақтардың комиссия назарына шалынбас үшін елдің түпкіріне қарай тереңдеп көшіп, малдарын айдап кетуі кеңінен орын алды.

Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін Ресей мемлекетінің билігін мойындаудан бас тартқан қазақтардың Хиуа иеліктеріне өтіп кетуі, елдің іргесін бұзды. Онда қазақтар ханға берілу үшін не оған қызмет ету үшін емес, бұрын малға жайлы қоныс іздеу үшін қалай көшетін болса, солай көшіп барды[1]. Қазақстан жеріндегі ХҮШ-ХІХ ғасырлардағы ұлт-азаттық көтерілістің бәріне тән, бұл ауа-көшу құбылысы жөнінде В.Ф.Шахматов: «Елдің қоныс аударып көшуін азаттық күресінің бір формасы ретінде қарастыруымыз керек», - дейді[2]. Патша өкіметі оларға қарсы қатаң репрессиялық шаралар қолданғаны белгілі. Рукин бастаған казак жасағының қарамағындағылардың біреуі 29 мамырда Терісаққан өзені маңындағы қазақтардың зор көлемдегі жертөлелері мен жиналған мая шөптерін өртеп жіберді.

Сондықтан жергілікті әкімшілік көтеріліс кезінде қазақтардың қыстауларының өртеніп кетуіне байланысты, олардың мал-жандарын сақтап қалу үшін Орал, Орынбор казак әскерінің жеріне өтуіне рұқсат беруге мәжбүр болды. Мәселен, Елек үйезі Қобда болысының 1.041 түтіні 1.205 түйе, 5.929 жылқы, 616 ірі қара, 18728 қойдан тұратын малы шепке айдап әкелінген. Сондай-ақ, шептің арғы бетіне тебіндікке Орал үйезінің - 775 жылқысы, Қарабын болысынан - 12 мың жылқы, Өріктөгіл болысынан Гурьев үйезінің Ембі болысынан 90 мың түтінін 4 мыңға жуық ірі қара, Калмыков үйезінің Индер болысынан - 170 жылқы, Қарасу болысынан - 800 жылқы сияқты малдар өткізілді[3].

Сонымен, 1869 жылы даладағы жаңа заңға наразылардың басым көпшілігін, демек», бүлікшілердің негізгі армиясын» - көшпенділердің құрағандығы белгілі. Ал Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтардың жер қатынастарын зерттеуші Т.Седельников «1868 жылғы «Ереже» қазақтарды отырықшылыққа көшіруді жылдамдатуды көздеді. Сондықтан ол кезде салыстырмалы күйде тәуелсіз саналатын көшпенділердің бұрынғы ата-баба салт-дәстүріне, көшпелі өмірдің түбіріне балта шапқан «Ереже», олардың тағдырында бетбұрысты кезең болды. Тұтастай алғанда, бұл заң тек отырықшылардың мүддесін қорғап, соларға пайдалы еді», - деп көрсетті[4].

Осылайша, патша үкіметінің көшпенділерге байланысты қуғын-сүргін шаралары, олардың белгілі бір бөлігінің туған жерінен қолтасып шығуына итермеледі. Ресми архив құжаттарында бейнеленген бұл құбылысты Атырау ақындары шығармалары да толықтырып дәлелдей түседі. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру жылдары қазақ үшін жаппай босқыншылық жылдары болып, әртүрлі материалдық және рухани алапат алып келгендігі қазір ғылыми тұрғыдан айыпталды[5].

Сондықтан осы негізде алып қарағанда қазақтардың Орта Азия жеріне, Ресейге, Қытайға көшіп кету құбылысының бастау көздерінің әріді жатқандығы, тарихи оқиғалардың сабақтастығы межесінен бағалануы тиіс. Себебі, Қазан төңкерісіне дейінгі патшалық империя мен одан кейінгі билікке келген кеңестік империяның көшпенділерге байланысты жұмыс тәсілдері ұқсас болды.

Б. Қаратаевтың «Қолжазбасында» 1908 жылы Орал қаласы түбінен Меккеге барғандардың қатарында болған Меңдіқыз Шығайқызы дегеннің Дамаск қаласында қазақ эмигранттарын кездестіргендігі айтылды. Олар көтеріліс басшыларының бірі Ықылас Досұлы ишанның өзімен бірге ала кеткен 40 шақты түтіннің ұрпақтары болып шығады. 1869 жылы орыс билігін мойындаудан үзілді-кесілді бас тартып, Түркияға өтіп кеткен оларға түрік үкіметі Дамаск маңынан жер бөліп беріп орналастырған екен [6]. Көтерілістің шегіну кезеңінде Хиуа иеліктеріне қашып кеткен Ықылас Досұлы молданың Торғай облысына қайтып оралмағандығын осы облыстың әскери губернаторының Түркістан генерал-губернаторына 1875 жылы 10 қарашада жасатқан сұранысына алынған жауап айқындай түседі [7]. Екі облысқа қарасты, осындай саны 35-ке жететін, соның ішінде Ықылас молда бар Торғай облысының 15 қазағы «Ресей иеліктерінен мәңгілікке қуылған» деп табылды. [8]

Қазақтар 1869 жылы 6 шілдеде Ойыл бекінісінің негізінің қалануымен тағы да мал азығына мол, тұщы суларға бай даладағы ең жақсы жайылымынан айырылды. Онын үстіне, жазда мұнда Орал облысы қазақтарының барлығы дерлік осында бас қосатын. Міне, Ойыл бекінісінің салынуымен қазақтар шөбі шүйгін, жері құнарлы жайлауынан айырылып қана қойған жоқ, сонымен қатар, бүкіл Кіші жүз руларының рулық-тайпалық бірлігіне соққы болып тиді. Іс-қимылдарынан береке-бірлік кетуі, олардың шашылған құмалақша бытырап жан-жаққа кетуіне әкелді. Көтерілісті басып-жаныштау миссиясын аз уақытта өте бір шеберлікпен орындап шыққан казак атаманының да көздегені осы болатын. Осылайша, қазақтардың ең күйқалы жерін тартып алып, қазақтардың өздерін құла дүзге, шөл-шөлейтті жерлерге ығыстырғаннан кейін, бұл аймақта отаршылдықты күшейту шаралары дереу қолға алына бастады.

1869 жылы 29 қарашада Орал облысының губернаторы Орынбор өлкесінің бастығына Кенен шатқалында орналасқан Ойыл жәрменкесін Барқын аңғарына көшіруді, демек, жаңадан салынып жатқан Ойыл бекінісі маңайына аударуды сұрап өтініш жасайды. Ол өз өтінішін «даладағы сауданың, жәрменкелік кірістердің өсуіне саудагерлердің жеке басы мен мүлкінің қауіпсіздігін үнемі қамтамасыз ететін Ойыл бекінісі - тірек пункті қызметін атқарар еді» деген ойтұжырымдарымен бекітеді. Ол, сонымен қатар, Ойыл бекінісінің маңайына орыс қоныстарын құруды, сөйтіп, бекіністі отаршылдық әкімшіліктің тірегіне айналдыруды ұсынады. Веревкин «бос жатқан кең

казак даласындағы жартылай жабайы тұрғындардың арасында орыс өркениетін енгізіп, олардың арасында сауда, кәсіпкерлік, жер өңдеуді, отырықшылыққа қолайлы жерлерде қоныстарды дамытуды» көздеді.

1871 жылы 4 маусымда Орынбор өлкесінде орыс-казактан тұратын қоныс аударушыларды көбейту керек деп табылып, олардың санын ұлғайту үшін облыстық басқарма жоғарыдағы аталынған «қазына жерлерін» ақысыз, ерекше жеңілдіктер негізінде қоныс аударушыларға, тұрақтап қалғысы келген қызмет адамдарына үлестіруге көшеді. «Бос жатқан қазына жерлерінен» үш түрлі жер бөліктері пайда болды. Оның біріншісі демалысқа шыққан әскери-әкімшілік шендерге берілетін 150-500 дес. үлестер, екінші кезекте жай қызмет адамдарына берілетін 500-10000 дес. жер үлестері, 1000-2000 дес. жерлер үкіметке еңбегі сіңгендерге берілетін үлестің үшінші түрін құрады[32].

Сонымен «Ереже» бойынша Қазақстанның жерінің Ресейдің мемлекет меншігіне өтуі, «империяның алыста жатқан бос жерлеріне қоныс аударушыларды қаптатуға жол салып берді. Казак атаманы Веревкиннің «пайымдауларынан» осы саясаттың «дұрыстығы мен тигізер пайдасын» бар жанын сала дәлелдеуге тырысып баққандығы байқалды. Сондықтан ол өзінің ұсынысы мен басшылығы бойынша тұрғызылған Ойыл бекінісінің маңайына келетін орыс тұрғындарына, бұрында қолданылып келген «әртүрлі салықтан босату мен ақшалай жәрдем төлем ақылар беру сияқты жеңілдіктер арқылы өз еркімен келушілерге кең мүмкіндіктер ашылар еді» деген үмітін де жоғалтпайды.

Алайда, казак даласын отарлау мәселесін толық түрде шешу үшін әлі де казактардың жерінің жалпы көлемінің мөлшері мен құнарлығы туралы алдын-ала мәліметтер жинау, оның ішінде іс жүзіндегі казактардың жерге байланысты мұқтаждығын зерттеп алу керек еді. Сонан кейін ғана барып, отырықшылыққа қолайлы аймақтарға, жиналған мәліметтер негізінде, келімсектердің қозғалысына жол ашу міндеті тұрды. Бұл деген сөз патша үкіметінің енді өзінің Қазақстанға байланысты, соның ішінде көтеріліс болып өткен Орынбор қазақтарының өлкесінде империялық пиғылдарының арта түскендігінің айғағы болды.

Көтеріліс аяқталғаннан кейін, оның негізгі айыпкерлеріне байланысты тергеу комиссиялары жұмыс істеп, төтенше билер сиезі дегендер ашылды. 434 казакқа қатысты қылмыстық істер қозғалды. Жазалау отрядтары шеп бойына оралысымен, Орынбор генерал-губернаторы А.Крыжановскийдің төрағалық етуімен болашақтағы көтерілістердің алдын - алу шараларын қарастырған *комитеттер* ашылды.

Сонымен, батыс бөліктің және орта бөліктің оңтүстігіндегі қалың көшпенділер бұқарасы көтерілістің қозғаушы күшіне айналды. Оған Кіші жүз бірлестігін құрайтын іргелі де ірі тайпалар 12 ру-Байұлы, 6 ру - Әлімұлы, жетіру жатты. Байұлына қарасты: алаша, байбақты,

масқар, беріш, таз, есентемір, шеркес, адай, тана, қызылқұрт, ыссық руларының барлығы дерлік, алты Әлімнен: кете, шекті, жетірудан: тама, жылқышы-табын, шөмішті-табын рулары қатысты. Жетырудан табын руы өздерінің ханы етіп - Ханғали Арысланұлын, кете, шекті рулары - Мәмбетәліні, шеркестіктер - Құспай Айбасовты, алаша руы Сейіл Түркебайұлын, байбақты руы - Беркін Оспанұлын, тана руы - Жанмұхамет Рысқұлұлы атты молданы өздеріне басшы етіп сайлаған. Міне, осы фактілер аталынған рулардың көтерілісте белсенді қатынасып, шешуші рөл атқарғандығын аңғартады.

1869 жылғы Орал, Торғай облыстарындағы ұлт-азаттық күрес барысындағы оқиғалардың дамуы, мәселен, әсіресе, Штемпель отрядына шабуылдар, жай толқулар емес, нағыз барып тұрған қарулы әскерге айбар, қайрат көрсеткен көтеріліс болды. Отаршылдық өктемдікке қарсы шықты, қанды қырғын-қудалауға ұшырады. Сондықтан отаршылдыққа қарсы азаттық сипат алды. Отаршылдық жүйе оларға кара күйе жағып, «бұзақылар» деп айып тақты.

Ресейлік буржуазиялық тарихнама өкілі Н.Середа көтерілістің қозғаушы күшін «бунтовшики», «мятежники» деп сипаттайды. XIX ғасырдың сөз білгірі В.Даль: «Бүлік деп, заңды билікке қарсы наразылыққа қатысып, көтеріліске шығуды», - атаймыз дейді. Ендеше «бүлік» болып басталып, патша үкіметіне билігіне наразылықтың соңы қарулы көтеріліске әкелді. Халықтың бұл көтерілуі өкімет күшіне қарсы күш қолдануы, жалпылама бой ұсынудан шығуы - стихиялы, қорғаныс бағытындағы соғысқа айналды.

Өзінің сипаты жағынан тайға таңба басқандай айқын, отаршылдыққа қарсы азаттық көтерілісінің қозғаушы күші - көшпенді мал өсіруші болды. Шын мәнінде бұл күреске XIX ғ. азаттық күрестердің барлығына тән қазақ көшпелі қоғамының барлық әлеуметтік топтары тартылды.

XIX ғ. 60-70 жж. ұлт-азаттық қозғалыстың шешуші кезеңі - қазақ интеллигенциясының реформаторлық қозғалысының ізашарлары Шәңгерей Бөкеевтің есімдері белгілі болды. Бұл басқаша айтқанда, қазақ елінде XIX ғ. екінші жартысында өрбіген екі бағыттың, «ұлттық-діни» және «батыстық» бағыттарының қалыптасуының алғы шартын жасады. Патша өкіметі отар елдің жерін алып, экономикалық жағынан кіріптарлыққа түсіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар, рухани бағыныштылықта, басыбайлықта ұстауға ұмтылды. Ал бұл өз кезегінде ұлт-азаттық қозғалыстың бір саласы ретінде мұсылман дінін қорғаушылар толқынын өмірге әкелді. Сондықтан XIX ғ. соңғы ширегі - XX ғ. басында ұлттық- діни қозғалыстар өз бастауын осы кезеңнен алады. Сондықтан 1917 жылы 15 наурызда «Қазақ» газетінде жарияланған Ақпан төңкерісіне байланысты Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған бір топ зиялылардың құттықтау үндеуіне 25 Алаш азаматтарының қатарында Ш.Бөкейұлының есімі аталады. 1959 жылғы әдебиеттанушылар арасындағы ғылыми-теориялық конференцияға

дейін оның творчествосына байшыл-феодалшыл ағымды жақтаушы деген бірыңғай, сыңаржақ айдар тағылып келді. Қазір ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы орны қайта таразыланып, Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі мен азаттық қозғалыстардағы орны тиісті бағасын алуы керек.

Ал кедейленген сұлтан әулетінен шығып, ресейлік оқу мекемелерін тәмамдап, жергілікті әкімшілікке қызмет ете жүріп, ағартушылықпен айналысқан Т.Сейдалыұлын дамудың батыстық бағытын жақтаушылар жолын салды деп айтуымызға болады. Олар орыс мәдениетін, отырықшылыққа көшуді жақтады, сол бағытта қызмет етті. Көтеріліс барысындағы оның қазақтардың арасында болғандағы рапортынан қазақ тұрмысын терең білетіндігі байқалады. Жалпы олардың қызметіне бір жақты баға беруге болмайды. Отаршылдық әкімшілікке қызмет істегеніне қарамастан, Т.Сейдалыұлы қызметінің прогрессивті жағы, халықтың мәдени-қоғамдық өмірін, этнографиясын зерттеудегі үлесі басым түсіп жатыр. Т.Сейдалыұлының орталықтағы «Вестник Европы» журналында (1874), Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесі «Жазбаларында»(1875) қазақ фольклорына байланысты мақалалары жарық көрген. Тіпті ғылым кандидаты дәрежесін алуға диссертация («Описание киргиз-кайсацкого быта» СПб, 1884) дайындағандығы белгілі.

Көтерілістің басқа отаршылдыққа қарсы күрестермен сабақтастығы, дәстүрлі жалғасы болғандығына көтеріліске қатынасқан Е.Көтібарұлы және оның баласы Назар, К.Қасымұлының баласы Садық, Д. Асауұлы және оның балалары, Ә.Мұңайтпасұлының қайта жанданған күрестері айғақ бола алады. Міне, бұл адамдардың барлығының есімі ХІХ ғ. 50-жылдарындағы ұлт-азаттық күрестерден мәлім болған еді.

Көтерілістің соңғы кезеңінде Ембі үйезіне қарасты 7.000 түтін атынан Орынбор генерал-губернаторына келген елшіліктің қойған талаптары кейін Алашорда партиясының жасаған бағдарламалық талабы ұқсас болды деп айтуға болады.

Қорытындылай келгенде ХІХ ғ. екінші жартысынан бастап Ресейдің өз ішінде басталған әскери-әкімшілік, сот, рухани саладағы реформалар ұлт аймақтарындағы отаршылдық жүйенің нығаюына әкелді. Мәселен, әкімшілік, шаруашылық, полициялық-қаралау функцияларының бір-бірімен ұштасып жатт. Мұның өзі түземдік-бұратана халықтың қарсылығын басып-жанышуда әскери қимылдардың «ойдағыдай» ойластырылып, «сәтті» басқарылғандығынан көрінді.

Шын мәнінде көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін, өз қаһарына мінген Ресей империясының қазақтарға байланысты саясаты олардың «қаққанда қанын, соққанда сөлін» шығаруға бағытталды.

1. Турсунова М. Казахи Мангышлака во II пол. XIX в. Алматы, 1977.с.68,99
2. Шахматов В.Ф. К вопросу о классовой и антиколониальной борьбы и ее формах в Казахстане в XIX в.//Вестник АН КазССР, сер.ист. 1951,

N86.с.25-27

3. ООММ-ы, 6-к., 10-т., 8260-іс,30-п.,33-п.
4. Голованов В. Из походных записок действиях в степи в 1869 г. //Уральские войсковые ведомости. 1871.№30, с.3.
5. ҚРОММ-Ы,25-к., 1-т., 319-іс, 167-п.
6. Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи. Спб., 1907,с.20.
7. Қойгелдиев М. Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? Алматы,1993.
8. Рукопись Б.Каратаева. с.54.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается социально-экономическое положение казахов Младшего жуза после восстания 1869 г., карательные действия царской администрации по отношению к участникам восстания и о массовой откочевке казахов на территорию Хивы.

#### SUMMARY

In article economic and social situation of Kazakhs Younger жуза after revolt of 1869, retaliatory actions of imperial administration in relation to participants of revolt and about mass откочевке Kazakhs on territory of Khiva is considered.